

# Н ТУЫ

ЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

декабрь Сейсенбі Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын

**БЛКЖО—бүкіл мемлекеттік және шаруашылық құрылыста партияның белсенді көмекшісі. Комсомол ұйымдары социалистік құрылыстың барлық саласында, әсіресе, бастауыш партия ұйымдары жоқ жерлерде, партия директиваларын іс жүзінде белсене жүзеге асырушылар болуға тиіс.**

СОКП Уставынан.

## ЫНЫҚ

нда комсомолецтер- атқаруы қамтама- комолва» тігін фаб- рві комбинатында бының кейбір кәсіп- і ұйымдарының жу- ттанғысыз болып рындарының комсо- мсомолецтердің өнді- е қатынасуы қамта- ұйымдардың ком- да еңбек тәртібі де жолға қойылма- млют ауданындағы Булаев ауданында- Совет ауданындағы ың комсомол ұйым- ң социалистік жа- ын да ұйымдасты- ның басты мінде- ністік тәрбие беру. дары өзінің бұл ең ты міндетін орын- едеуір табыстарға мсомол ұйымдары- ұмысында әлі де здесіп отыр. еялық тәрбие беру- комсомолецтер ма

## Мал қыстатуда кездескен кемшіліктер дереу жойылсын

### Жайбарақаттықтың салдары


Быйыл Мамлют ауданындағы Молотов атындағы колхозда мал қыстатуға әзірлік ойдағыдай ұйымдастырылмады. Колхозда мал азығының берік қорын жасау жөнінде жеткілікті күрес жүргізілмеді. Осындай жайбарақаттықтың салдарынан мұнда жемшөп дайындау баяу жүргізілді. Мал азығын дайындаудың жоспары орындалмай қалды. Колхоз басшылары жетпеген мал азығының орнын толтыруды мүлдем ойлаған жоқ. Егіннің сабағын жыйнап маяға салу қолға алынбады. Көптеген егіннің сабағы мен мекені жыйналмай қар астында қалды. Жылы қаралардың жеткілікті болуы малды қыстан шығынсыз өсірудің басты шарты. Осылай бола тұра да, бұл колхозда мал қораларын салу, жөндеу жұмыстары баяу жүргізілді. Бұл жұмысқа күш-мүмкіншілік жеткіліксіз бөлінді. Сөйтіп, қыс түскенше мал қоралары жөнделіп болмады. Жемшөптің жеткіліксіз дайындалуы, қоралардың толық жөндемеуі малды қолда бағуды үлгілі ұйымдастыруға үлкен

### Өткен жылдың кемшіліктері қайталанып отыр

Өткен жылы Преснов ауданының көп колхоздары мал қыстатуда үлкен қиыншылықтарға вездесті. Мұндай шаруашылықтарда мал азығы жеткіліксіз дайындалды. Дайындалған жемшөп мал қоралары жаңына тасылып алынбады. Керек десе, қоғамдық мал жылы қорамен де қамтамасыз етілген жоқ. Аманкелді атындағы және «Победа» сияқты колхоздарда мал азығы қыс ортасында таусылып қалды. Сондықтан олар басқа колхоздардан шөп сатып алып, малды қыстан әзер алып шықты. Бұларда күтіннің нашарлығына бірқатар мал басы шығын болды және мал жазға төмен күймен келді. Міне, мал қыстатудағы мұндай кемшіліктер аудан колхоздарында быйыл тағы да қайталанып отыр. «Путь к коммунизму» колхозы (председателі Вчерашний жолдас) аудандағы малды колхоздардың бірі. Бұл колхозда жемшөпті мол дайындап, қоғамдық өнімді мал шаруашылығын онан әрі өркендете беруге толық мүмкіншілік бар. Рас, бұл

да нашар. Бұл колхоз текқана шабылын жыйналған жемшөпке ғана сеніп отыр. Мұнда егіннің сабағы жыйналмай қар астында қалып қойды. Ал, шындығында колхоздың қолда бар жемшөбі малға норма бойынша берген күннің өзінде 15 мартқа дейін ғана жетеді. Колхоз басшылары малға бір мезгіл болса да, сабағы араластырып беруді ұйымдастырмай отыр. Мал басын өсірумен бірге, оның өнімділігін арттыру — маңызды міндеттің бірі. Алайда, ауданның бірсыпыра колхоздарында мал өнімдерін дайындау мүлдем қанағаттанғысыз. Оның басты себебі — колхоз басшылары фермаларда еңбекті дұрыс ұйымдастырып, малдан өнімнің мол алынуын, әсіресе, сыйырдан сүттің көп сауылып, оның дұрыс есепке алынуын қамтамасыз етпейді және оған жеткілікті бақылау жасап отырмайды. Соның салдарынан кейбір колхоздарда мал шаруашылығының өнімдері аз алынумен бірге, дұрыс есепке алынбай талаң тарағға түскен. Мәселен, Аманкелді атындағы колхоз-

## Халықтық демократия елдерінде



**ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ.** Халық өкметі орнағаннан бергі үш жылдың ішінде елдің теміржол транспорты зор табыстарға ие болды. 14 мың километрден аса теміржолдар қалпына келтірілді. Жекелеген аудандарда 1200 километрлік жаңа жолдар салынды. Кәзіргі уақытта Қытайда 23.785 километр-

жастар бригадасы жұмыс істейді.

Алайда, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте істейтін комсомолдер мен жастар арасындағы социалистік жарыстың дәрежесі, тәлім-тәрбие жұмысы бүгінгі талаптар дәрежесінде деп айта алмаймыз. Бірешпыра кәсіпорындарында, қолхоз, совхоздар мен МТС-терде комсомол ұйымдарының жұмысы тиісті дәрежеде жоғра қойылмай келеді. Оларда жұмыс-

мыстары кемшіліктерді кезінде ашып отыруға, сөйтіп, оны қолма-қол жоюға міндетті.

Комсомолдың күші — оған біздің партиямыздың басшылық жасайтындығында. Партия ұйымдары комсомол ұйымдарының жұмысымен күнбе-күн шұғылданып, комсомолдың өзінің алдында тұрған міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруын қамтамасыз етуге, оған нақтылы көмек көрсетіп отыруға тиіс.

## Тұрмыс әрі жақсарып, әрі көңілді болып барады

КИЕВ, 7 декабрь. (СОТА). Бүгін Украинаның И. Франко атындағы драма театрының жанына бірнеше автомашина келді. Киев облысындағы Бравар ауданының Хрушев атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері күндіз болатын «Днепр шұғылалары» пьесасын көруге келді.

Хрушев атындағы ауылшаруашылық артелінің егіншілері мәдениетті және ауқатты тұрады. Быйылғы жылдың 11 айы ішінде колхоздың кірісі 2 миллион 300 мың сомға жетті. Қолхозшылар еңбек күндеріне ақшаны, астықты және басқа ауылшаруашылық өнімдерін өткен жылғыдан едәуір көп алды.

Қолхозшы механик Павел Оснач 500-ге жуық еңбекқұн тапты. Оның қызы, огород бригадасының звено бастығы Ольга және тракторшы баласы Иван 300-ден артық еңбекқұн тапты. Қолхозшының

семьясы өздерінің табыстарына «Москвич» автомашинасын және мотоцикл сатып алды. Кешкілікте бұл семья телевизор арқылы Киевтен берілген концертті көріп отырады. Басқа семьялар да бағалы заттар сатып алуда. Қолхозшы Федор Лукьяненконың құрылыс бригадасының бригадирі Петр Ковбасинскийдің және басқаларының жеңіл автомашиналары бар. Соңғы кезде Хрушев атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары 4 телевизор, 30 мотоцикл, 400 велосипед сатып алды.

Ауылшаруашылық артелі үстіміздегі жылы колхозшылардың мәдени қажеттері үшін 100 мың сомға жуық қаржы жұмсады. Кәзір барлық егіншілердің үйлері электрлендірілген және радиоландырылған. Қолхоздың мүшелері үстіміздегі жылы Киевтің театрлары мен музейлеріне ұйымдасқан түрде 20-дан аса рет барды.

## Уралдың вагон жасаушыларының бағалы бастамасы

ТӨМЕНГІ ТАГИЛЬ, 6 декабрь. (СОТА). Уралдың вагон зауытында әрбір жұмысшының бесжылдық тапсырманы төрт жылда орындау жолындағы жарысы кеңінен өрістеді. Пресс цехының комсомолдері Миронов, Кондратьев, Федоров, Стадников жолдастар патриоттық бастаманың инициаторы болды.

Комсомолдердің бағалы бастамасын кәсіпорнының партия ұйымы қолдады. Коммунистер жарысты басқаруда. Мұның нәтижесінде еңбек өнімділігі бірден жоғарылады. Жұмысшылардың 80 проценті сменалық тапсырмасын біржарым екі есе орындауға жетісіп жүр.

лықты ұйымдастырып, барлық малды қыстан шығынсыз алып шығудың тиісті шараларын қолданбай отыр.

А. КУМИНОВ.

мастан фермаларда малшылар жемшөпті малға өлшемей береді. Қолхоз басшылары (председателі Зиновьев жолдас) жемшөпті ұқышпен жұмсауды, оны малға күнбе-күн норма бойынша өлшеп беруді талап етпей-

шығынсыз және жемшөпті қоралап алып, оны ұқыш

## Сыйыр сауудағы тәжірибем

Мен Чистов совхозында 1944 жылдан бері сауыншы болып істеймін. Кәзір менің қарамағымда 14 сауын сыйыр бар. Біздің гурт — асыл тұқымды сауын сыйырлар гурты. Біздің барлығымыз сауын сыйырларды ұдайы жақсы күтімде ұстап, күллі өсірумен бірге, олардың әрқайсысынан жыл сайын сүтті мол алып келеміз.

Кемелер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта бүкіл совхоз мал өсірушілері мен бірге, мен қарамағымдағы сауын сыйырлардан сүтті жылдзыдан көп алуға міндеттенген едім. Кәзір, партияның XIX съезінің қоғамдық мал шаруашылығын онан сайын өркендету жөніндегі қарарларын мінсіз жүзеге асыру жолындағы қызу күрес күндерінде алған мұндай көтерілкі міндеттемеді аброймен орындап шықтым. Быйыл өткен 10 ай ішінде қарамағымдағы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 2532 килограмм сүт алдым. Бүгін ешбір қапағаттанып отырғаным жоқ. Мақсатым сыйыр сауу өнеріне жетіле беріп, жыл аяғына дейін әрбір сауын сыйырдан тағы да 500 литрден сүт алу. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырып, сталиндік бесінші бесжылдық ішінде қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру ісіне өз үлесімді қосамын.

Сыйыр саууда жоғарғы көрсеткішке қалай жеттім? Сыйыр сауу — мамандық. Сондықтан оның әдісін жете меңгеріп, күнбе-күнгі жұмыста шебер қолдана білу керек. Сүтті мол дайындау үшін ғылым мен озат тәжірибе табыстарын өндіріске батыл енгізіп, еңбек өнімділігін үнемі арттырып отыру қажет. Осы арқылы сыйырларды тыңғылықты күтімге алып, сүттілігін үздіксіз арттырып отырған жөн.

Мен жылма-жыл сыйыр сауу ісінде ғылым мен озат тәжірибе табыстарын жете меңгеріп, күнбе-күнгі жұмысымда батыл қолданып отырмын. Енадымен сыйырды

бағып күтуді үлгілі ұйымдастырамын. Өйткені, сауын сыйырлардың қонды өсіп, сүтті мол беруі, оның дұрыс азықтандырылуына байланысты. Біздің гуртта сауын сыйырлар әрқашан күйлі өсіріледі. Жазды күні сыйырлар шөбі шүйгін, суы мол жайылымдарда бағылып күтіледі. Сондықтан олар күн сайын тоя отып, қонды болып өседі. Ал, күтімі жақсы, қонды жоғары сыйырдың сүтті мол беретіні кімге де болса мәлім.

Біз сауын сыйырлардың қысқы күтімін жаз ойластырамыз. Сыйырларды қысқа жоғары күймен әкелумен бірге, оларды жылы қоралармен, құнарлы жемшөппен мол қамтамасыз етеміз. Дайындалған жемшөптің барлық түрін жер қарада мал қоралары жанына тасып үйеміз. Быйылғы мал қыстату маусымына дәл осындай әзірлікпен кірістік.

Қысты күні сауын сыйырларға ерекше күтім жасаймын. Оларды күн сайын өз қолымнан азықтандырып суарамын. Малды суарып, азықтандыру жұмыстарын арнаулы график бойынша жүргіземін. Әрбір сыйырға жемді де, шөпті де нормаға сәйкес өлшеп беремін. Бұл сауын сыйырлардың біркелкі және тоя азықтанып, күйлі өсірілуіне қолайлы жағдай жасап жүр. Дұрыс азықтандырылғандықтан сыйырлар күйінен ешбір айырымай қысты күні де сүтті мол беретін болады. Кәзір менің қарамағымдағы сыйырлардың барлығы күйлі өсіріліп келеді. Олардың әрқайсысынан сүтті де күн сайын біркелкі және көп алып жүрмін. Қыстың алғашқы күндерінен бастап, сүт дайындаудың күндік, бескүндік графикін үнемі артығымен орындап келемін.

Мейлі қыс, мейлі жаз болсын әрбір сыйырды күн сайын тағайындалған мерзімде сауып отырамын. Ал, кейбір сыйырлардың әсіресе, жас бұзаулаған сыйырлар-

дың сауыны ерте ларды сүттілігіне, рап, график бойы ларды графикке зінде сауу сүт сыйырлардан сүтті гілісіз суалудан са мен әрбір сыйырды мын. Сауған сайын қалмауына жете т артынан сыйырды сыйырдың келесі не, немесе оның м соғады. Мен мұны нң көп жылғы тә жұрмін. Сауыншы тап есте ұстауға.

Сыйырлардың а таудың зор маңыз дынан және сауып желінің, әсіресе, ем мын. Мұны, әсіресе жүзеге асырамын. де саууға, сүтті о лайлы жағдай тұт

Быйыл республи дыңғы қатарлы ма туысқан қырғыз р рінің мал өсірудегі нысып қайттым. М мал өсіру, әсіресе, е ріп, үйренген біре бе-күнгі жұмысым мал басын өсіріп, с руда жана зор та сыйырлардың қыс дастырып, мен бұл сүтті кәзіргіден де нын XIX съезінің уап беремін.

Чистов совхозын

## Р М Ы С Ы

## лекциясы туралы

ат соғысына  
Лектор бұл  
көне қызықты  
әрежесін диаг-

мек үшін 290 миллион сомдай қаржы  
бөлі. Осының негізінде пролетариат дик-  
татурасы нығайғанын, партияның беделі  
өскенін баяндады лектор.

қы екі бөлімін  
ушыларға қай

Бельчиков жолдас лекцияның соңында  
тындаушыларға тақырып бойынша оқы-  
ғын қосымша әдебиеттерді жазып алуды  
ұсынды.

інде ССРО-ның  
ық саясаттың  
партияның X  
тік жоспары  
жөнінде әңгіме

Ол өзінің лекциясында тындаушыларға  
программалық материалды қалай түсінді-  
рудің методикалық әдістерін жақсы толық  
айтып бере алды. Алайда, лекцияның ме-  
тодикалық жағы толық болғандымен, оның  
географиялық жағы кем болғанын айта кету  
қажет.

інде ССРО-ның  
іміздің барлық  
ұрылысын көр-  
ланды. Халық  
келтіру кезінде  
көркем әдебиет  
келтіру арқы-  
інде Ф. Глад  
найдаланды.

Сталин жолдас «Партиямыздың ішкі  
мірінің дамуының тарихы—партия ішін-  
дегі оппортунистік топтарға —«экономис-  
терге» меньшевиктерге, троцкишілерге,  
бухариншілерге, ұлтшыл үкюнистерге  
қарсы күрестің және оларды талқандау-  
дың тарихы» деп үйретеді.

Лектор өзінің сөзінде халық шаруашы-  
лығын қалпына келтіру кезінде партия  
қауларымен күрестің қыйыншылығына  
жете тоқталмады. Партияның XIV съезін-  
де партияның жаулары елімізді индустрия-  
ландырудың сталиндік жоспарына қарсы  
шықты. Лектор бұл жоспардың маңызын  
атап көрсетуі керек еді. Өйткені, индуст-  
рияландыру жоспары социалистік құры-  
лыстың ірі қадамы болып саналды.

Лектор өзінің сөзінде халық шаруашы-  
лығын қалпына келтіру кезінде партия  
қауларымен күрестің қыйыншылығына  
жете тоқталмады. Партияның XIV съезін-  
де партияның жаулары елімізді индустрия-  
ландырудың сталиндік жоспарына қарсы  
шықты. Лектор бұл жоспардың маңызын  
атап көрсетуі керек еді. Өйткені, индуст-  
рияландыру жоспары социалистік құры-  
лыстың ірі қадамы болып саналды.

Осы сыяқты лектор материалды көзір-  
гі жағдаймен жеткілікті байланыстырма-  
ды. Біздің еліміздің индустрияландыру  
тәжірибесін халық демократиялық елдер  
пайдаланып отырғаны айтылмады. Бұл  
елдерде халық шаруашылығын қалпына  
келтіру және оны оған әрі өркендету кү-  
ресінде біздің еліміздегі индустрияланды-  
ру тәжірибесі орасан зор роль атқарды.

Мұнан әрі лектор Лениннің кооператив-  
тік жоспарының маңызын жеткілікті көр-



Жұмыстағы үздік сапа көрсеткіштері  
үшін жарыста вагон жөндеу депосының  
станокшысы М. Любых жолдас әрқашан  
бірінші орынға ие болып келеді. Оның  
күнделікті еңбек көрсеткіші— екі норма.  
СУРЕТТЕ: М. Любых жолдас.  
Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мектеп басшыларының  
семинар-кеңесі

Жуырда облыстық оқу бөлімі мектеп  
директорларының, аудандық оқу бөлімдері  
меңгерушілерінің семинар-кеңесін өткіз-  
ді. Кеңесте оқу жылының бірінші тоқса-  
нының қорытындысы және мектептердік  
алдында тұрған міндеттері туралы облыс-  
тық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбаса-  
ры Залманов жолдас, партияның XIX  
съезінің қарарларына сәйкес политехника-  
лық оқуға көшу мәселесі жөнінде мұға-  
лімдердің білімін жетілдіру институтының  
директоры Калинин жолдас баяндама жа-  
сады. Сол сыяқты, кеңеске қатысушылар  
мектеп ішіндегі методикалық жұмыстар

А. И. ОДОЕВСКИЙ  
(туғанына 150 жыл толуына)

Ұлы ақын Пушкиннің жазған хатына  
«Сібірдің шахтасының шырауынан», «Уш-  
кыннан жалын қаулайды» деген тамаша  
батырлық жауап қайтарған ақын- дека-  
брист Александр Иванович Одоевскийдің  
туғанына 150 жыл толды. Одоевскийдің  
есімі—ұлы орыс халқы мақтанышпен  
атайтын ардақты есімдердің бірі.

А. И. Одоевский туралы әңгіме еткен-  
де, декабристер идеясы туралы айтпай  
кетуге болмайды. Декабризм, В. И.  
Ленин атап көрсеткендей, халықтан қал-  
шама алыс жатса да, өткен ғасырдың бі-  
рінші ширегінде және одан кейінгі кезең-  
де де халықтың сана-сезімін оятуда зор  
роль атқарған идеялық ағым болды.  
Ақын- декабристер өздерінің шығармала-  
рымен Отанға деген сүйіспеншілікті,  
саяси бостандық идеясын және крепост-  
нойлық пен самодержавиеге деген өшпел-  
ділік идеясын насихаттады. Олар рево-  
люциялық сөз бен революциялық істің берік  
бірлігін түсіне білді. Олар Пушкинмен  
бірге орыс поэзиясын қалың бұқараға  
қарай бағыттап, көркем сөздің күшін  
Отан мен халықтың қызметіне қойды.  
Декабристердің поэзиясы—азаматтық ер-  
ліктің поэзиясы болды.

Одоевский «Солтүстік қоғамға» 1825  
жылдың жазының басында кірді. Ол қо-  
ғамның жұмысына бүтіндей араласып  
кетеді, Рылеевтің, Оболенскийдің үйлерін-  
дегі мәжілістерге белсене қатынасады, өзі  
қоғамға жаңа мүше тартады. Оның үгіті-  
мен бір полктағы жолдасы офицер А. Е.  
Ринкевич те астыртын қоғамға кіреді.  
Кондратий Федорович Рылеев сыяқты ба-  
тыл, бір беткейлігі үшін Кюхельбекер  
Одоевскийді «эктузиаст» деп атады. Одо-  
евский азғана біртөп адамның самодержа-  
виеге қарсы бас көтергенмен жеңіліске  
ұшырайтынын, елдегі саяси құрылысты  
өзгерте алмайтынын білді, бірақ, 14 де-  
кабрьде Сенат алаңында басқа жолдаста-  
рымен бірге болды, сөйтіп, көтеріліс ба-  
сылғаннан кейінгі реакцияның қаһарын  
жолдастарымен бірге ерлікпен қарсы ал-

поэзиясы тарихының маңызды бір тарауы  
болып табылады, ол әдебиеттегі декабризм  
тақырыбын жыйнақтайды. Ол өзінің ең  
таңдаулы өлеңдерін айдауда, Чита мен  
Петров заводында жүргенде жазды. Де-  
кабрист ақын айдаудағылар арасында  
орыс әдебиеті жөнінде лекция оқыды,  
олар үшін орыс тілінің грамматикасын  
жазады; олардың алдында өзінің жаңа  
өлеңдерін оқыды, ал, ол өлеңдерді де-  
кабрист-композиторлар музыкаға сала-  
ды, сөйтіп, тұтқындар жұмыс үстінде  
ақынның өлеңдерін әнге салатын болған.

Айдауда жүргенде де Александр Одо-  
евский декабристердің жырысы болды,  
болашаққа сенді, тұтқындағы жолдас-  
тарын жігерлендіріп отырды. Ол декабрис-  
тер берік ұстап алмаған күрес туын жа-  
на, болашақ ұрпақтың көтеріп алып алға  
апаратынына сенеді. Мұңсыз Одоевский  
Пушкиннің «Сібірге хатына», «Ушкыннан  
жалын қаулайды» деп оптимистік жауап-  
қайтармаған болар еді.

Ақын поэзиясының революциялық екпі-  
ні 1830—32 жылдарда шегіне жете өріс-  
тейді. Бұл кездейсоқ жағдай емес еді.  
Айдауда декабристер өткендегіні еске  
алып, қайғыруда болған жоқ, келешек-  
ке ой жүгіртті, сол кездегіні талдап байқап,  
одан тиісті қорытынды шығарып отырды.  
Франциядағы июль революциясы, Польша-  
дағы ұлт азаттық қозғалысы, Россияда-  
ғы шаруалар көтерілістері—міне, бұл  
оқығалардың бәрін декабристер біліп  
отырды. Одоевскийдің поэзиясында 1830—  
32 жылдардағы барлық маңызды оқыға-  
лар өзінің бейнесін тауып отырды. Бұл  
кезде ақын «екінші Рылеев» ролінде бо-  
лып, декабристер поэзиясының мұрасын  
30-шы жылдардың азаматтық поэзиясы-  
мен, алдымен, Лермонтовтың, Полежаев-  
тың поэзиясымен ұштастырды. 1831 жы-  
лы Одоевский «Польшадағы революция  
туралы естігенде» деген өлеңін жазды. Ол  
революцияны құттықтау, бостандық Гимні  
болып естілді.

# Әйелдер Советтерінің жұмысына басшылық жақсаотылсын

Партиямыздың XIX съезінің тарихи қарарларын басшылыққа ала отырып, еліміздің әйелдері жаңа бесжылдық жоспарда алға қойылған саяси-шаруашылық міндеттерді мұнәтікеіз жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етіп келеді. Сөйтiп, олар коммунистік қоғам орнату күресіне өз үлестерін қосуда.

Әйелдер Советтері әйелдер арасында идеялық-саяси тәрбие жұмыстарын жүргізіп, оларды аяда тұрған міндеттерді орындау, күресіне жұмылдыруда партия ұйымдарының бірінші көмекшісі болып саналады. Ауданымыздың барлық колхоздарында, совхоздарында, кәсіпшілік артельдерінде, транспортта әйелдер Советтері ұйымдастырылған. Олар партия ұйымдарының басшылығымен әйелдердің саяси сана-сезімін және еңбектегі белсенділігін арттыруда көп жұмыс істеп отыр.

Әйелдер арасындағы жұмысты дұрыс ұйымдастыру жөнінде Возвышен астық совхозы жанындағы әйелдер Советінің жұмысы басқаларға үлгі бола алады. Мұнда әйелдер Советінің ай сайын жұмыс жоспары жасалып, ол әйелдер Советінің жыйналысында бекітіледі. Советтің жыйналыстарында шаруашылық мәселелер талқыланады, сол сыяқты, саяси тақырыптарға баяндамалар жасалады. Соңғы 8 айдың ішінде совхозда әйелдер үшін халықаралық жағдай туралы, «Дүние жүзінің әйелдері бейбітшілік үшін күресте» деген және басқа да тақырыптарда 12 рет баяндама жасалып, денсаулық сақтау мәселелері жайында 8 рет лекция оқылды.

Партия ұйымының және әйелдер Советінің басқаруымен 19 әйел үгітші болып істейді, олардың әрқайсысы кәзір өздеріне бекітілген 10 үйліктерде партияның XIX

съезінің материалдарын оқып түсіндіруде. Ол үгітшілердің ішінде Хаметова, Павлова, Никулина, Лихочева жолдастардың өткізген әңімесінің идеялық дәрежесі жоғары болып келеді. Совхоздағы көркем-өнер дарындылары үйірмесінің жұмысына 23 әйел қатысады. Олардың ішінде үй шаруасындағы әйелдер де бар.

Әйелдер Советі жанынан мал шаруашылығы, тазалық сақтау, мектеп секциялары ұйымдастырылған. Бұл секциялар өздерінің жұмысын алдын-ала жасалған жоспар бойынша жүргізеді. Белая жолдастың басқаруындағы мал шаруашылығы секциясы мал қыстатуға әзірліктің жайын тексеріп, тексерісте ашылған кемшіліктерді жоюға көмектесті. Мал қораларын жабайы жөндеуден өткізу жөнінде әйелдерден ұйымдастырылған бригада мал қораларының сыртын ақтап, ішін тазартып тәртіпке келтірді.

Бұл совхозда 1851 литр сүт сауған Шумрақ, 1913 литр сүт сауған Калинин сыяқты сауыншылар, Вера Ревна сыяқты үлгілі төл өсірушілер аз емес. Кәзір совхоздың әйелдері мал қыстатуды үлгілі өткізуге және көктемгі егіске дайындау жұмыстарына белсене қатысып жүр.

Партия ұйымы партия жыйналыстарында әйелдер арасында жүргізілген саяси тәрбие жұмыстары туралы жиі-жиі әйелдер Советі председателінің баяндамасын тыңдап отырады. Ал, партия ұйымының секретары Здорьев жолдас әйелдер Советінің жұмысына күнбе-күн назар аударып, оның жоспарын жасауға және ол жоспарды орындау ісін ұйымдастыруға әйелдер Советіне көмектесіп отырады.

«Новый путь» колхозында да (партия ұйымының секретары Ключ, әйелдер Советінің председателі Игнатенко жолдастар)

әйелдер арасындағы жұмыс ойдағыдай ұйымдастырылып, колхозшы әйелдердің қоғамдық еңбекке белсене қатысуы қамтамасыз етілген.

Бұл колхозда әйелдер арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстар айтарлықтай дәрежеде жүргізіліп келеді. Шөп шабу науқаны басталар алдында бұл колхоздың әйелдер Советі колхозшы әйелдердің жыйналысын өткізіп, оларға колхоздың қоғамдық шаруашылығын нығайтудың және колхозшылардың тұрмыс жағдайын жақсартудың маңызын түсіндірді. Бұдан кейін колхозшы әйелдер шөп шабуға белсене қатнасып, шабылған шөпті дереу майлап отырды. Әйелдер Советінің мүшесі Н. Восковойникова жолдастың басқаруындағы пішеншілер бригадасы күн сайын 480 центнер пішенді маяға салды. Колхозда жазғы маусымда балалар ясли жұмыс істеді. Мұның өзі колхозшы әйелдерді еңбекке неғұрлым көбірек қатыстырып, еңбек өнімділігін арттыруға, еңбек тәртібін жақсартуға мүмкіндік берді. Колхозда еңбекке жарайтын 150 әйел бар. Олардың барлығы да қоғамдық еңбекке қатысып, минимум еңбек күн тапты.

Әйелдер Советі әйелдерді агро-зоотехникалық үйірменің оқуына қатыстыруда партия ұйымына тиісті көмек көрсетті. Кәзір мұнда 12 әйел үйірме сабағына үнемі қатысып отырады.

Бастауыш партия ұйымдарының және әйелдер Советтерінің басшылығымен ауданымыздың әйелдері барлық мәдени, саяси-шаруашылық науқандарға белсене қатнасып отырады. Егін жыйнау науқаны кезінде аудан бойынша астық тазалауда 1141 әйел, тракторшы болып 7 әйел, комбайншы болып 6 әйел, штурвалшы болып 74 әйел жұмыс істеп, олар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Булаев МТС-нің комбайншысы Е. Алешина егін жыйнау маусымында «Сталинец-6» комбайнымен 653 гектар егін жыйнап, 540 килограмм жанар майын үнемдеді.

Чистов астық совхозының тоқарі Ефремова жолдас күндік тапсырманы 160 процент орындап отырады. Осы совхоздың сауыншысы Барохина жолдас 9 ай ішінде әрбір сауын сыйырдан 2373,5 литрден сүт сауды. Бұл сыяқты алдыңғы қатарлылар ауданымызда көптеп саналады.

Әйелдер Советтерінің жұмысына күнбе-күн нақтылы басшылық жасалып отырылатын болса, әйелдер арасындағы саяси бұқаралық жұмыстарды өз дәрежесінде жүргізуге болатындығы алдыңғы қатарлы әйелдер Советтерінің жұмыс тәжірибесінен айқын көрініп отыр. Рас, бізде партия ұйымдарының көпшілігі әйелдер Советінің жұмысына шын мәнінде жанды басшылық жасап отырады. Алайда, бұл жұмыстан бойын аулақ салатын партия ұйымдарының секретарьлары да жоқ деуге болмайды. «Страна Советов» колхозында (әйелдер Советінің председателі Сливкина жолдас) жыл бойына әйелдер арасында небары бір-ақ рет жыйналыс өткізілген, мұнда саяси-бұқаралық жұмыстар өз дәрежесінде жүргізілмейді. Әйелдер арасында баяндамалар жасалып, лекциялар оқылып тұрмайды. Колхозшы әйелдер қоғамдық еңбекке белсене қатыстырылмайды. Ал, партия ұйымының секретары Носов жолдас әйелдер Советінің жұмысына жанды басшылық етіп, көмек көрсетіп отыру қажет екендігін естен шығарып келеді. Коминтерн атындағы колхозда да істің жайы дәл осындай.

Партия ұйымдарының міндеті — шаруашылық және мәдени құрылыстың барлық учасқтерінде әйелдердің белсенділігін үздіксіз арттырып отыру, әйелдердің жұмыстың озат тәжірибелері мен алдыңғы қатарлылардың жұмыс әдісін меңгерулеріне үнемі көмектесіп отыру.

**Е. БУДНОВА.**

**ҚНП Булаев аудандық комитеті әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімнің нұсқаушысы.**

ты, Грибоедовтің Чанологтеріне ұқсайды. қозғалысынан тыс қалыспен толқымаған «Әліктер жыйынтығы» «Аруақтар тойында» не жоқ, мен нағыз, жерге кетемін дейді. Одоевскийдің поэ

## Декабрист

**ПЯТИГОРСК, 7 де** ланың әдебиет жұрт ақын А. И. Одоевский жыл толуы күнін ата кітапханаларының оқытың тамаша ақының қызметіне, оның Каған кезіне арналған тырылған.

Одоевскийдің Лер

## Облыст

Газетке «С кәсіпорынд совхоздар жазылуға

Газетке тұруын қамта

«УДАРНИК»

«КОРОЛЬ ҚАР

Сеанстар 6-8-10-да Касса сағат 3-тен

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторы партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс